

С.Ж Асфенияров атындағы Қазақ
Ұлттық Медицина университеті

№ 1 Тақырып.

**ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.
МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЖӘНЕ ТАКТИКАСЫ, ҒЫЛЫМИ ТҰРҒЫДА
ЖӘНЕ ПӘН РЕТІНДЕ ОҚЫП ҮЙРЕНУ**

1. Әскери медицина туралы түсінік, оның мазмұны мен міндеттері
2. Медицина қызметін ұйымдастыру мен тактикасы, ғылыми пән ретінде оның қалыптасуы, дамуы және мазмұны
3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін медициналық қамтамасыз етудің ұйымдастыру түрлерінің негізгі кезеңдері мен даму бағыттары
4. Қазақстан Республикасы Қарулы күштердің ұрысқа қабілеттілігін сақтау мен нығайтудағы медициналық қызметтің маңызы.

- **Соғыс – бұл мемлекеттер, олардың жиынтығы, халықтар арасындағы ұйымдасқан түрдегі қарулы күрес-қақтығыс.**
- Соғыста мемлекеттің Қарулы күштері негізгі шешуші құрал ретінде қолданылады.

Қарудың көп түрлері жау әскерінің ұрысқа қабілеттілігін жоюмен қатар, адамдарды қатардан шығарып, оларды жараландырып, жарақаттандырады, залалдандырады.

Біздің пәннің заты ұрыс қимылдарының ерекше, медициналық қыры болып табылады.

Әскери қызметкерлердің ұрысқа қабілеттілігін, олардың денсаулығы мен өмірін сақтаудағы медициналық әдістерді енгізу, табу, зерттеу пәніміздің мақсаты.

**Әскери медицина туралы
түсінік, оның мазмұны мен
міндеттері**

- **Әскери медицина бейбіт өмір және соғыс уақытында Қарулы күштердегі денсаулық сақтауының (медициналық қамтамасыз етуі) теориясы және іс-жүзілігі ретінде қарастырылады.**

- **Қарулы күштердің денсаулық сақтау іс-жүзілігі-бейбіт өмірде және соғыс кезінде әскердің тіршілігін медициналық қамтамасыз ету жүйесі мен әдістерінің іс жүзіне асуы болып табылады.**

- **Медициналық қамтамасыз ету әскери қызметкерлердің денсаулығын сақтау, нығайту және қалпына келтіруге бағытталған ұйымдастыру, санитарлық-гигиеналық және емдеу-профилактикалық, ал соғыс кезінде емдеу-тасымалдау шараларының жиынтығы болып табылады.**

- **Қарулы күштердің денсаулық сақтау теориясы (әскери-медициналық ғылым) - әскери қызметкерлердің организміне әскери еңбек жағдайының әсері, олардың денсаулығын сақтау және нығайту әдістері, жеке құрамның ұрыс залалдары, аурулар және патологиялық жағдайлардың пайда болуы және барысының ерекшеліктері, оларды емдеу және профилактикасы, ұрыс залалдарынан қорғанудың принциптері мен арнайы (медициналық) әдістерін қосқанда, Қарулы күштердің медицина қызметі туралы, олардың құрылысы және күштері мен құралдарын қолдану тактикасы туралы білімдердің жүйесі.**
-

**Әскери медицинаның
теориялық негізі болып
жалпылама түрде алғанда
медициналық ғылым болып
табылады.**

**Әскери-медициналық
ғылым өз кезегінде
адамның ұрыс
қабілеттілігіне әсер ететін
себеп шарттарды зерттейді.**

**Теориялық әскери медицина
өз дамуында қазіргі кезеңде
жүйелік, толық түрде
теориялық, әдістемелік
және іс жүзінде қалыптасқан
жеке әскери-медициналық
ғылымдардан (оқу
пәндерінен) тұрады.**

**Олардың қатарына мыналар кіреді:
медицина қызметін ұйымдастыру және
тактикасы, әскери-дала хирургиясы, әскери-
дала терапиясы, әскери гигиена (соның
қатарында әскери-теңіз және әуе күштері
гигиенасы), әскери эпидемиология, әскери-
медициналық санақтама, әскери-
медициналық қамтамасыз ету, әскери
токсикология, радиобиология және жаппай
қыру қаруынан медициналық қорғану, әскери
еңбектің физиологиясы, әскери медицинаның
тарихы, бейбіт өмірдегі Қарулы күштерді
медициналық қамтамасыз етуді
ұйымдастыру, әскери-медициналық
география және басқалары.**

**Медицина қызметін
ұйымдастыру және
тактикасы, оның ғылыми
пән ретінде қалыптасуы,
дамуы және мазмұны**

Медицина қызметін ұйымдастыру және тактикасы (МҚҰТ) жеке әскери-медициналық ғылымдардың бірі болып табылады: ол

- 1. Қарулы күштерді медициналық қамтамасыз ету тәжірибесін және соғыс кезіндегі медициналық қызметтің іскерлік шарттарын зерттейді.**
- 2. Медициналық қызметтің құрылысы мен Қарулы күштерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырудың принципті негіздерін білдіретін заңдылықтарды айқындайды.**
- 3. Осы қамтамасыз етудің қалыптары мен тәсілдерін жетілдіреді.**

**Медицина қызметін
ұйымдастыру және
тактикасы – соғыс кезіндегі
Қарулы күштерді
медициналық қамтамасыз
етуді ұйымдастыру туралы
ҒЫЛЫМ.**

**МҚҰТ-сын оқыту пәні мен
ғылыми зерттеулердің нысаны
болып әралуан шарттардағы
Қарулы күштерді медициналық
қамтамасыз етуді
ұйымдастыру және соғыс
кезіндегі ұрыс қызметтерінің
түрлері болып табылады.**

- **Оның міндеттері: дамуының осы кезеңдегі ең тапқыр және ұтымды әскери медицинаны, әскери істі және мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесін, ұрыс қызметіндегі әралуан шарттардағы Қарулы күштерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру қалыптары мен әдістерін іздеу және іске асыру болып табылады.**

Өз дамуындағы қазіргі деңгейінде МҚҰТ жеке әскери-медициналық ғылым және оқыту пәні ретінде білімнің кең ауқымды саласы, онда төрт негізгі бөлімді атауға болады:

**Бірінші бөлім – соғыс
кезіндегі Қарулы күштерді
медициналық қамтамасыз
етуді ұйымдастырудың
жалпы негіздері.**

**Екінші бөлім- әскер түрлері
және Қарулы күштердің
түрлер құрамалары және
бөлімдерді (корабльдерді)
медициналық қамтамасыз
етуді ұйымдастыру.**

Үшінші бөлім – Қарулы күштер түрлерінің оперативті және оперативті-стратегиялық бірлестіктерді медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

**Төртінші бөлім – Қарулы
күштердегі медициналық
қамтамасыз етуді
ұйымдастырудың
стратегиялық сұрақтары.**

**Медициналық қамтамасыз
етудегі ұйымдастыру
қалыптарының негізгі
кезеңдері мен даму
бағыттары.**

- **Әскери медицинаның пайда болуы тұрақты әскерлердің құру кезеңдеріне тұстас, олар орталықтандырылған мемлекеттің сырт жауларымен күресінде және де өз астындағыларды бағындырып ұстауда берілген құрал болып қызмет етеді.**

- **1.18 ғасыр соғыстарында жарақаттанғандарды және науқастарды «орнында» емдеу көбірек болды, яғни (госпитальдарда) ұрыс қимылдары ауданына жақын жерлерде орналасқан госпитальдерде. Осы жерде емдеу аяқталатын, себебі сол кезде жоспарлы түрдегі жарақаттанғандарды және науқастарды бір госпитальден екінші госпитальге сатылы тасымалдау болмаған.**

- 2.19ғ. басында (1800-1860 жж) – «сызықтық сіңгіш тасымалдау» жүйесі толыққанды пайда болды – жарақаттанғандар мен науқастарды тасымалдау жолдарында госпитальдерден бөлек, аралық кезеңдер –«бекеттер» ұйымдастырыла бастады.

- **3. Осының барлығы «Тасымалдау жүйесінің» әрі қарай дамуына алғышарттар жасады, осы кезеңдегі «шашырау» жүйесі (1861-1916жж) орын алды.**

- 4. 1916 жылы В.А.Оппель алғашқы рет емдеу және тасымалдау шаралары байланысының қажеттілігін негіздеді, олар өзара кезеңдік емдеумен сабақтастырылды.

**Әскерді медициналық қамтамасыз
етуді ұйымдастыру қалыптарын
дамытуда Леонардов Б.К. үлкен
қызмет атқарды. Өз еңбектерінде
ол жаралылар мен науқастарды
арналуына байланысты
тасымалдау негізінде кезеңді
емдеу жүйесін қайта құру
қажеттілігін негіздеді.**

Бұл доктринаның негізіне қойылғандар:

- 1. Аурудың пайда болуы мен дамуын бірыңғай түсіну.**
- 2. Дала жағдайларындағы хирургиялық және терапиялық жұмыстардың принциптерін бірыңғай түсіну.**
- 3. Медициналық тасымалдау кезеңдерінде жаралылар мен науқастарды емдеудің сабақтастығы.**
- 4. Айқын медициналық құжаттар.**
- 5. Тасымалдау бағыттарында жаралылар мен науқастарды емдеу мен алдын ала әдістемелеріне бірыңғай көзқарас және бірыңғай мектеп.**
- 6. Әскери және медициналық ахуалдың дәл жағдайларына байланысты медициналық қызметтің күштері мен құралдарын қолдану.**

- **5. Уақыт өте келе алғы шептегі емдеу-тасымалдау шаралары жүйесінің принциптік ережелері негізінде – арнайы тасымалдау мен кезеңдік емдеу жүйесі қалыптастырылды (1941-1945жж), бірақ та оның толыққанды ұымдастырушылық қалыптасуы Ұлы Отан соғысы кезінде іс жүзіне асты.**

- Арнайы тасымалдау мен кезеңдік емдеу принциптері өзін ҰОС кезеңінде толық ақтады, соның арқасында өте ауыр жаралыларға көмек көрсетуде жоғары хирургиялық табандылық көрсетілді және жаралылардың жалпы санының 72,3% және науқастардың 90,6% қатарға қайта қосылды.

**Қазақстан Республикасының
геосаяси жағдайындағы ең соңғы
өзгерістер мынаны айқындайды,
қазіргі әскери-саяси ахуалдың ең
үлкен ерекшелігі идеология
ауқымындағы қақтығыс
мүмкіндіктерінен арылу,
жақтардың одақтық қарама-қарсы
тұруды қаламауы болып
табылады.**

